

**С.Оразалин атындағы ЖОББ мектебінің әлеуметтік педагогы
Колганатова Марзия Мирамбековнаның
2021-2022 оқу жылындағы жұмысы
бойынша жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылынан әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары құрылды.

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналар мен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. ПМПК ВКК қорытындысы нәтежесінде 3 оқушы ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы болды.

Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Көрсетілген құжаттар көп балалы отбасынан шыққан балаларға, әлеуметтік атаулы көмек алатын отбасынан шыққан балаларға жинақталды.

Әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді. Бұған қоса, мектептегі қорғаншылықтағы және қарқоршылықтағы балалар, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар және де 1-11 сыныптар бойынша бір рет 5 күн асханадан тегін ыстық тамақ ішеді. Ыстықпен мектебіміз бойынша 25 оқушы қамтылды.

Қазіргі кезде мектебімізде көп балалы және жартылай жетім, сәтсіз отбасылардан құжат жинақталынды. Жыл сайын С.Оразалин атындағы ЖОББМ бойынша мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен 1-5 сыныптар бойынша 3 оқушы жаңа оқу жылына керекті оқу-құралдармен, мектеп формасымен және спорттық киімдермен қамтамасыз етілді. Мектебімізде әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Қайырымдылық-жылы жүректен» акциясына жәрмеңке ұйымдастырылып 2 оқушыға оқу-құрал берілді. Қараша айында «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ!» айлық аясында білім алушылар және ата-аналармен іс-шаралар жоспарланып, 9-10 сынып білім алушыларымен «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел және желтоқсан айында «Бала құқығы» тақырыбында дәріс сабақтары жүргізілді. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылды.

«Жаңа жылдың жарқырасын нұр шамы» атты жаңа жылдық кеште қайырымдылық жасауға асығайық 1-5 сыныптар арасында оқушыларға мектеп ұжымының атынан тәттілер ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға ақшалай берілді. 1 тамыздан бастап жалпы Республика бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы басталды. Акцияның алғашқы онкүндігінде класс жетекшілердің берген мәліметтеріне сүйеніп, көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасы балалары ұсынылды. Сол оқушылар ішінен толық емес отбасынан шыққан 7білім алушыларға ұсынылды. Жеке кәсіпкерлерден 3білім алушы қамтылды.



Бұған қоса, мектептегі күнкөрісі төмен отбасы балалары мен көп балалы отбасынан шыққан оқушылар және де 1-11 сынып оқушылары күніне бір рет 5 күн бой асханадан тегін ыстық тамақ ішеді. Ыстықпен мектебіміз бойынша 25 оқушы қамтылды.

Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында 8-9-10 сынып білім алушылары флешмоб «Ризамын» қайырымдылық акциясын өкізді. Кітапханашының ұйымдастыруымен «Татулық тұтқасы-бірлік» тақырыбында білім алушылар арасында белгілі ақын-жазушылардың шығармаларынан өлең оқыды.

Әлеуметтік педагог: М. Колганатова 5-11 сынып оқушыларымен «Қайырымдылық-жылы жүректен» жобасы аясында өткізілген қайырымдылық акциясы мүгедеттігі бар балалардың үйіне барып тәттілер табысталынды.

